

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептіліктің тізбесін, нысандарын ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 19 наурызда № 20144 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 158 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 18.05.2023 № 158 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап күшіне енеді

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Занының 10-бабының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Занының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілік тізбесі, ұсыну мерзімдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп" нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп" нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қаржы құралдарының түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері қозғалысының болжамы" нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түскен әлеуметтік аударымдар мен есімпұлдардың сомалары және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың саны туралы мәліметтер" нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер" нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер" нысаны;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және сомаларының динамикасы" нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына қайтарылған артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомасының түсі туралы мәліметтер" нысаны;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу туралы есеп" нысаны айқындалсын.

2. Осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес тізім бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Әлеуметтік сақтандыру, базалық әлеуметтік және зейнетакымен қамсыздандыру саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрі*

Б. Нұрымбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік корғау
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 101 бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілік тізбесі, ұсыну мерзімдері

№	Атауы	Есептілікті ұсыну мерзімдері
1.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7 жұмыс күні ішінде
2.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп	есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күні
3.	Қаржы құралдарының түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің күрылымы туралы есеп	есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күні
4.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы	жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін
5.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түскен әлеуметтік аударымдар мен есімпұлдардың сомалары және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне катысушилардың саны туралы мәліметтер	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні
6.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні
	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік	

7.	қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні
8.	Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және сомаларының динамикасы	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні
9.	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына қайтарылған артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомасының түсі туралы мәліметтер	есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні
10.	Әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу туралы есеп	есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күні

Казақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы № 101 бұйрығына
2-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп

Есепті кезең: 20 _____ жылғы _____ айына

Индексі: № 1-қ нысаны

Кезеңділігі: ай сайын

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7 жұмыс күні ішінде № 1-қ нысан

№№	Баптардың атаяуы	(мың теңге)	
		Есепті кезеңнің басына (01.01.20 _ ж. ға)	Есепті кезеңнің соңына
АКТИВТЕР			
1	Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің шоттарындағы ақша		

2	Орналастырылған салымдар		
3	Өзгерістері кірістер немесе шығындар құрамында көрінетін, әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		
4	Әділетті құнмен бағаланатын, өзгертілуі басқа жиынтық табыс арқылы көрсетілетін бағалы қағаздар		
5	Амортизациялық құнмен есептелетін бағалы қағаздар		
6	"Керіrepo" мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		
7	Басқа активтер		
88	Активтердің жиыны (1+2+3+4+5+6+7)		
	ПАССИВТЕР		
99	Әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелер, оның ішінде: еңбек ету қабілетінен айырылған жағдай		
	асыраушысынан айырылған жағдай		
	жұмысынан айырылған жағдай		
	жүктілікке және босануға, жаңа тұған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайлар		
	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты		

	табысынан айырылған жағдай		
10	"Мемлекеттік әлеуметтік сактандыру қоры" акционерлік қоғамының активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы бойынша кредиторлық берешек		
11	Б а с қ а міндеттемелер		
	Провизиялардың барлығы, оның ішінде: еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда		
	асыраушысынан айырылған жағдайда		
	жұмысынан айырылған жағдайда		
12	жүктілікке және bosануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуга байланысты табысынан айырылған жағдайлар		
	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдай		
13	Резервтер		
14	Қаржы құралдарын қайта бағалау резервтері		
15	Резервтің қажетті ең аз мөлшері		

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер (құрылымдық бөлімшениң басшысы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп" 1-қ нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген

"Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қоры" акционерлік
қоғамының активтері мен
пассивтері жөніндегі есеп"
әкімшілік деректерін жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп" № 1-қ нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтері мен пассивтері жөніндегі есеп" № 1-қ нысанын (бұдан әрі – № 1-қ нысан) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ай сайын, есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 1-қ нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам), қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін бас бухгалтер мен құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. № 1-қ нысаны былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реті бойынша нөмірлер көрсетіледі. Келесі ақпарат реті бойынша нөмірі үзіліссіз көрсетіледі;

"Активтердің жыны" деген 8-жол бойынша 1,2,3,4,5,6,7-жолдарда көрсетілген активтердің барлық баптары бойынша қорытынды сомасы көрсетіледі;

"Алушылардың әлеуметтік төлемдер бойынша талаптарының жиынтығы, оның ішінде" деген 9-жол бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік

корпорациясының шотына берілген әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруға қажетті қаражат көрсетіледі;

"Провизиялар" деген 12-жол бойынша алушыларға болашақ әлеуметтік төлемдердің келтірілген құны актуарлық есептер қолданылып көрсетіледі;

"Резервтер" деген 13-жол бойынша Қордың активтері мен провизияларының айырмашылығы көрсетіледі;

"Қаржы құралдарын қайта бағалау резервтері" деген 14-жол бойынша "Қазақстан қор биржасының" деректері негізінде алынған қаржы құралдарын таза бағамен алу және оның нарықтық құны арасындағы айырмашылық көрсетіледі;

15-жол бойынша "Талап етілетін ең төменгі резерв мөлшері" провизия мөлшерінен он пайыздан кем емес мөлшерде;

"Пассивтердің жиыны" деген 16-жол бойынша 9,10,11,12,13,14,15-жолдарда көрсетілген пассивтердің барлық балтары бойынша қорытынды сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 101 бұйрығына
2-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп

Есепті кезең: 20___ жылғы ___ тоқсан

Индекс: № 2-қ нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күні

№ 2-қ нысаны

№	Балтардың атапуы	мың теңге
1	Тоқсан басындағы активтер	
2	Активтердің түсімі оның ішінде:	
2.1	әлеуметтік аударымдар	
2.2	әлеуметтік аударымдарды төлеуді кешіктіргені үшін алынған өсімпұл	

2.3	инвестициялық табыс	
2.4	Артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомасын қайтару	
3	Шығуы оның ішінде: 3.1 Әлеуметтік төлемдер, барлығы оның ішінде: 3.1.1. еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда 3.1.2. асыраушысынан айырылған жағдайда 3.1.3. жұмысынан айырылған жағдайда 3.1.4. жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда 3.1.5. бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдай	
3.2	Әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдар, сонымен қатар өзге де қате есептелген қаражат сомаларын қайтару	
3.3	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қызметтің қамтамасыз етуге аударылған комиссиялық сыйақы	
3.4	Қаржы күралдарын сатып алу	
4	Тоқсан соңындағы активтер (1-жол + 2-жол – 3-жол)	

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директор

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Бас бухгалтер (Күрылымдық бөлімшениң басшысы)

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп" № 2-қ нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қоры" акционерлік
қоғамы активтерінің түсімі және
оларды пайдалану туралы есеп"
әкімшілік деректерін жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп" № 2-қ нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі және оларды пайдалану туралы есеп" № 2-қ нысанын (бұдан әрі – № 2-қ нысаны) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 2-қ нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам), қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін бас бухгалтер мен құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. Нысан былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реті бойынша нөмірлер көрсетіледі. Келесі ақпарат реті бойынша нөмірі үзіліссіз көрсетіледі;

"Активтердің түсімі" деген 2-жолда активтердің қорытынды сомасы (2.1, 2.2, 2.3, 2.4-жолдар) көрсетіледі;

"Әлеуметтік төлемдер, барлығы:" деген 3.1-жолда "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының шотына берілген әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруға қажетті қаражат көрсетіледі;

3.2.-жолда "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының шотына берілген артық (қате) аударылған әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақытында және (немесе) толық аудармағаны үшін есімпұлдар, сонымен қатар басқа да қате аударылған қаражат сомасы көрсетіледі ;

3.3.-жолда "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қызметін қамтамасыз етуге комиссиялық сыйақы көрсетіледі;

3.4.-жолда қаржы құралдарын сатып алу сомасы көрсетіледі.

(қолы)

Бас бухгалтер (Құрылымдық бөлімшениң басшысы)

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Қаржы құралдарының түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" №3-ққ нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Қаржы құралдарының түрлері
бойынша "Мемлекеттік
әлеуметтік сақтандыру қоры"
акционерлік қоғамы
активтерінің инвестициялық
портфелінің құрылымы туралы
есеп" әкімшілік деректерін
жинауга арналған нысанга
қосымша

"Қаржы құралдарының түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" № 3-ққ нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Қаржы құралдарының түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп" № 3-ққ нысанын (бұдан әрі – №3-ққ нысаны) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 3-ққ нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам), қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін бас бухгалтер мен құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. № 3-ққ нысаны былайша толтырылады:

"№" 1-бағанда реті бойынша нөмірлер көрсетіледі. Келесі ақпарат реті бойынша нөмірі үзіліссіз көрсетіледі;

"Портфельдің құрылымы" деген 2-8-бағандарда Қор активтері есебінен алғынған қаржы құралдарының сипаттары көрсетіледі;

"Портфельдің құрылымы" деген 9-15-бағандарда қаржы құралдарын алу бойынша мәмілелерінің параметрлері көрсетіледі;

"Портфельдің құрылымы" деген 16-19-бағандарда есепті күнге қаржы құралдарының ағымдағы жағдайы көрсетіледі.

Жолдарда Қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының атаулары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы № 101 бұйрығына
5-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: № 4-а нысаны

Кезеңділігі: жыл сайын

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін
№ 4-а нысаны

(млн. теңге)		
№	Баптардың атауы	Жылдар
1	Жылдың басындағы ақшалай қаражат қалдығы	
2	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы активтерінің түсімі оның ішінде:	
2.1.	әлеуметтік аударымдар	
2.2.	инвестициялық табыс	
2.3.	әлеуметтік аударымдардың уақытында төленбеуі және (немесе) толық емес төленуі үшін өсімпұл	
2.4	артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомасын қайтару	
3	әлеуметтік төлемдер оның ішінде:	

3.1	еңбек ету кабілетінен айрылған жағдайға			
3.2	асыраушысынан айрылған жағдайға			
3.3	жұмысынан айрылған жағдайға			
3.4	жүктілікке және босануға, жаңа тұған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айрылған жағдайларда			
3.5	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдай			
4	"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының әкімшілік шығыстары			
5	Жинақталған активтер			
6	Провизиялар			
7	Резервтер			
8	Ең төмен резерв			

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Құрылымдық бөлімшениң басшысы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы" № 4-а нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы" № 4-а нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының активтер қозғалысының болжамы" № 4-а нысанын (бұдан әрі – № 4-а нысаны) және актуарлық есепті "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігіне жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін ұсынады.

2. №4-а нысанына және актуарлық есепке бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам) және қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін функциясына Қордың қаржылық тұрақтылығын бағалау кіретін бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен қуәландырылады.

3. Қордың қаржылық тұрақтылығын бағалау туралы актуарлық есеп кемінде елу жылдық болжамды кезеңге пессимистік, шынайы және оптимистік нұсқаларда жүзеге асырылады. Есепте пайдаланылған статистикалық деректер мен актуарлық кемшіліктерді келтіру қажет.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздагы
№ 101 бұйрығына
6-қосымша
әкімшілік деректерді жинауга
арналған нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түскен әлеуметтік аударымдар мен өсімпүлдардың сомалары және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың саны туралы мәліметтер

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: № 5-әа нысаны

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдық, жылдық

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есептіден кейінгі күнтізбелік айдың 7 күні

№ 5-әа нысаны

Облыстар, қалалар	Әлеуметтік аударымдардың сомасы, мың теңге	Өсімпүл, мың теңге	Қатысушылардың саны (мың адам)
1	2	3	4
Ақмола облысы			
Ақтөбе облысы			
Алматы облысы			
Атырау облысы			
Шығыс Қазақстан облысы			

Жамбыл облысы			
Батыс Қазақстан облысы			
Қарағанды облысы			
Қызылорда облысы			
Қостанай облысы			
Маңғыстау облысы			
Павлодар облысы			
Солтүстік Қазақстан облысы			
Түркістан облысы			
Алматы қаласы			
Нұр-Сұлтан қаласы			
Шымкент қаласы			
Өнір анықталмаған			
Жиыны:			

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Құрылымдық бөлімшениң басшысы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түскен әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың сомалары және міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышылардың саны туралы мәліметтер" № 5 -әа нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қоры" акционерлік
қоғамына келіп түскен
әлеуметтік аударымдар
мен өсімпұлдардың сомалары
және міндettі әлеуметтік
сақтандыру жүйесіне
қатысуышылардың саны
туралы мәліметтер" экімшілік
деректерін жинауга
арналған нысанға
қосымша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түскен әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың сомалары және міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуышылардың саны туралы мәліметтер" № 5 -әа нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамына келіп түсken әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың сомалары және міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың саны туралы мәліметтер" № 5 -әа нысаны (бұдан әрі – №5-әа нысаны).

2. № 5-әа нысанын "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне төмендегі кезеңділікпен:

1) ай сайын – есепті кезеңнен (айдан) кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын, 9 айға – есепті кезеңнен (тоқсан, 9 ай) кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

3) жарты жылда, жылына бір рет – есепті кезеңнен (жарты жыл, жыл) кейінгі күнтізбелік айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. № 5-әа нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам) және қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

4. № 5-әа нысаны былайша толтырылады:

"Әлеуметтік аударымдардың сомасы", "Өсімпұл" деген 2, 3-бағандарда – әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылған міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың түсү есебі соңғы төлем күніне аударымдар

әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылған міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін әлеуметтік аударымдар, өсімпұл бірнеше облыстан (әртүрлі жұмыс берушіден) келіп түсken жағдайда, келіп түсken әлеуметтік аударымдардың, өсімпұлдың сомасы қосылады және соңғы аударым келіп түсken облыс бойынша көрсетіледі;

"Қатысушылардың саны (мың адам)" деген 4-бағанда – әрбір есепті кезеңде (ай, тоқсан, жартыжылдық, 9 ай, жыл, есепті күнге дейінгі соңғы 24 ай) әлеуметтік аударымдардың жалғасуына немесе тоқтатылғанына қарамастан, бір рет болса да есепке алынған, есепті кезеңде әлеуметтік аударымдар төлеу жүргізілген міндettі әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың барлығы есепке алынады.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау

министрінің

2020 жылғы 17 наурыздагы

№ 101 бұйрығына

7-қосымша

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін
әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер**

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: № 6-эт нысаны

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдық, жылдық

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні

№ 6-эт нысаны

Облыстар	Барлығы		оның ішінде әлеуметтік төлемдердің түрлері бойынша				
	Алушы-лардың саны (адам)	Төлемдер сомасы (мың тенге)	Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда		Асыраушысынан айрылған жағдайда		
			Алу-шылар саны (адам)	Төлем сомасы (мың тенге)	Алу-шылар саны (адам)	Төлем сомасы (мың тенге)	
1	2	3	4	5	6	7	
Ақмола облысы							
Ақтөбе облысы							
Алматы облысы							
Атырау облысы							
Шығыс Қазақстан облысы							
Жамбыл облысы							
Батыс Қазақстан облысы							
Қарағанды облысы							
Қызылорда облысы							
Қостанай облысы							
Мангистау облысы							

Павлодар облысы						
Солтүстік Қазақстан облысы						
Түркістан облысы						
Алматы қаласы						
Нұр-сұлтан қаласы						
Шымкент қаласы						
Жиыны:						

кестенің жалғасы

оның ішінде әлеуметтік төлемдердің түрлері бойынша

Жұмысынан айырылған жағдайда		Жұктілікке және босануға, жаңа тұған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда		Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдай	
Алу-шылар саны (адам)	Төлем сомасы (мың теңге)	Алу-шылар саны (адам)	Төлем сомасы (мың теңге)	Алу-шылар саны (адам)	Төлем сомасы (мың теңге)
8	9	10	11	12	13
_____	_____	_____	_____	_____	_____

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Кұрылымдық бөлімшениң басшысы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер" № 6-эт нысанын толтыру бойынша түсіндірмे осы Есепке қосыншада берілген.

"Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қоры" акционерлік
қоғамынан төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушылардың саны
және сомалары туралы
мәліметтер" әкімшілік
деректерін жинауға
арналған нысанға
қосынша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер" № 6-эт нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы мәліметтер" № 6-эт нысанын (бұдан әрі – № 6-эт нысаны) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне төмендегі кезеңділікпен:

1) ай сайын – есепті кезеңнен (айдан) кейінгі қүнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын, 9 айға – есепті кезеңнен (тоқсан, 9 ай) кейінгі қүнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

3) жарты жылда, жылына бір рет – есепті кезеңнен (жарты жыл, жыл) кейінгі қүнтізбелік айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 6-эт нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам) және қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. № 6-эт нысан байланыс толтырылады:

әрбір есепті кезеңде (ай, тоқсан, жартыжылдық, 9 ай, жыл) аталған есепті қалыптастыру кезінде төлемнің жалғасуына немесе тоқтатылғанына қарамастан, есепті кезең үшін әлеуметтік төлем жүзеге асырылған әлеуметтік төлемдерді алушылардың барлығы (есепті кезеңде бір рет болса да ескерілген) есепке алынады.

Бұл ретте, есепті кезең үшін жүзеге асырылған әлеуметтік төлемдердің сомасы міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу ескерілмей көрсетіледі.

Асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен үлес бөлінген жағдайда негізгі іс ашылған облыс бойынша бір алушы есепке алынады.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздагы
№ 101 бүйрекіне
8-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: № 7-ом нысаны

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын, жартыштырылған, жылдық

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есептің күнтізбелік айдың 7-күні

№ 7-ом нысаны

Облыстар	Тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері, (теңге)				
	1	2	3	4	5
Ақмола облысы					
Ақтөбе облысы					
Алматы облысы					
Атырау облысы					
Шығыс Қазақстан облысы					
Жамбыл облысы					
Батыс Қазақстан облысы					
Қарағанды облысы					
Қызылорда облысы					
Қостанай облысы					
Манғыстау облысы					
Павлодар облысы					
Солтүстік Қазақстан облысы					
Түркістан облысы					

Алматы қаласы				
Нұр-Сұлтан қаласы				
Шымкент қаласы				
Жиыны:				

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Құрылымдық бөлімшениң басшысы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер" № 7-ом нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер" № 7-ом нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері туралы мәліметтер" № 7-ом нысанын (бұдан әрі – № 7-ом нысаны) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне төмендегі кезеңділікпен:

1) ай сайын – есепті кезеңнен (айдан) кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын, 9 айға – есепті кезеңнен (тоқсан, 9 ай) кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей;

3) жарты жылда, жылына бір рет – есепті кезеңнен (жарты жыл, жыл) кейінгі күнтізбелік айдың 15-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 7-ом нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам) және қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы

Ұсынылуын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. № 7-ом нысанбы толтырылады:

Әрбір есепті кезеңде (ай, тоқсан, жартыжылдық, 9 ай, жыл) аталған есепті қалыптастыру кезінде есепті кезең үшін тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшері есепке алынады.

Есепті кезеңде тағайындалған әлеуметтік төлемдердің орташа мөлшерін есептеу әдістемесі есепті кезең үшін тағайындалған әлеуметтік төлемдер мөлшерінің орташа алынған шамасы ретінде айқындалады.

Казақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік корғау
министрінің
2020 жылғы 17 наурыздағы
№ 101 бұйрығына
9-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

**Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"
акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және
сомаларының динамикасы**

Есепті кезең: 20 _____ жылғы _____ айына

Индексі: № 8-с нысаны

Кезеңділігі: ай сайын

Кім ұсынады: "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрлігіне

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күні

№ 8-с нысаны

Атауы	Әлеуметтік қатерлердің түрлері бойынша			
	Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда	Асыраушысынан айрылған жағдайда	Жұмысынан айрылған жағдайда	Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдай
1	2	3	4	5
Алушылардың айдың басындағы саны, адам				
Төлемдердің сомасы, мың теңге				

тағайындалғандар, адам				
тағайындау үшін әлеуметтік төлемдердің сомасы , мың теңге				
өлім-жітім, адам				
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден келгендер, адам				
Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткендер, адам				
қалпына келтірілгендер, адам				
алып тасталғандар, адам				
алушылардың айдың сонындағы саны, адам				

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"

акционерлік қоғамының Бас директоры

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Құрылымдық бөлімшениң басшысы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы)

Мөр орны

"Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және сомаларының динамикасы" № 8-с нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Есепке қосымшада берілген.

"Әлеуметтік қатер түрлері
бойынша "Мемлекеттік
әлеуметтік сақтандыру
қоры" акционерлік қоғамынан
әлеуметтік төлемдерді
алушылар санының және
сомаларының динамикасы"
әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысанга
қосымша

**"Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры"
акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және
сомаларының динамикасы" № 8-с нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. "Әлеуметтік қатер түрлері бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамынан әлеуметтік төлемдерді алушылар санының және сомаларының динамикасы" № 8-с нысанын (бұдан әрі – 8-с нысаны) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ай сайын, есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың 7-күнінен кешіктірмей ұсынады.

2. № 8-с нысанына бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оны ауыстыратын адам) және қаржылық есептілік деректердің дәйектілігін және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ететін бөлімшениң басшысы қол қояды және Қордың мөрімен куәландырылады.

3. № 8-с нысаны байлайша толтырылады:

"алушылардың айдың басындағы саны" деген жолда – есепті кезеңің басына әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны көрсетіледі;

"төлемдердің сомасы" деген жолда – есепті айда әлеуметтік қатердің барлық түрлері бойынша алушыларға нақты жүргізілген әлеуметтік төлемдердің сомасы көрсетіледі;

"тағайындалғандар" деген жолда – есепті айда әлеуметтік төлемдерге бірінші рет енгізілген, қайта тағайындалған алушылардың саны көрсетіледі;

"тағайындалғандар үшін әлеуметтік төлемдердің сомасы" деген жолда – есепті айда әлеуметтік төлемдерге бірінші рет енгізілген, есепті кезеңде алушыларға нақты жүргізілген әлеуметтік төлемдердің сомасы көрсетіледі;

"өлім-жітім" деген жолда – есепті айда кайтыс болуына байланысты әлеуметтік төлемдер тоқтатылған алушылардың саны көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден келгендер" деген жолда – есепті айда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден келген алушылардың саны көрсетіледі;

"Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткендер" деген жолда – есепті айда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткен алушылардың саны көрсетіледі;

